

Жеке пайдалануға арналған тауарларды әкелудің кейбір мерзімдерін өзгерту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 29 сәуірдегі № 47 шешімі.

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың 32-бабына сәйкес, 2019-nCoV короновирус инфекциясы таралуының алдын алу және оны болғызыбауға бағытталған шаралардың қабылдануына, жеке тұлғалардың Еуразиялық экономикалық одақтың құқығын құрайтын кедендей құқықтық қатынастарды реттейтін халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес өз құқықтарын іске асырудың және міндеттемелерін орындаудың мүмкін еместігіне байланысты Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесі шешті:

1. Мына мерзімдер 2020 жылғы 1 наурыз - 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығында өтіп кететін жағдайда:

а) Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі (бұдан әрі тиісінше – Одақ, Кодекс) 264-бабының 1-тармағында белгіленген Одақтың кедендей аумағына уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған көлік құралдарына қатысты уақытша әкелу мерзімі;

б) Кодектің 268-бабы 2-тармағы 5) тармақшасының екінші абзацында белгіленген Одақтың кедендей аумағынан әкету мақсатында уақытша әкелінген жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын кедендей декларациялау жүзеге асырылатын мерзім;

в) Кодектің 455-бабы 22-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзім ішінде Кодектің 455-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілгендерден, шегі Одақтың кедендей шекарасының участкесімен толық сәйкес келетін Ресей Федерациясының еркін экономикалық аймақ аумағында еркін кедендей аймақ рәсімімен орналастырылған жеке пайдалануға арналған көлік құралдары осындай еркін экономикалық аймақ аумағынан Одақтың кедендей аумағының қалған бөлігіне еркін кедендей аймақ кедендей рәсімінің қолданысы аяқталмастан уақытша әкетілуі мүмкін осы мерзім қоса алғанда 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін ұзартылсын.

2. Осы Шешімнің 1-тармағының "а" - "в" тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді ұзарту кеден органының рұқсатынсыз және кедендей декларациялаусыз жүзеге асырылады.

Осы Шешімнің 1-тармағының "а" және "б" тармақшаларында көрсетілген мерзімдерді ұзарту жеке тұлғаларды Кодектің 264-бабының 2 – 13-тармақтарында белгіленген талаптарды, шарттар мен шектеулерді сактаудан, сондай-ақ аталған мерзім өткеннен кейін жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын кері алып кету жөніндегі міндеттен босатпайды.

Осы Шешімнің 1-тармағының "в" тармақшасында көрсетілген мерзімді ұзарту жеке тұлғаларды аталған мерзім өткеннен кейін жеке пайдалануға арналған көлік құралдарын Ресей Федерациясының еркін экономикалық аймақ аумағына кері алып кету жөніндегі міндеттен босатпайды.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 20 желтоқсандағы № 107 шешіміне № 3 қосымшаның 6-тармағы "а" тармақшасының екінші абзацында және "б" тармақшасының екінші абзацында белгіленген, оларды сақтау жеке пайдалануға арналған тауарлар мен көлік құралдарын кедендей баждарды, салықтарды төлеуден босата отырып әкелу шарттарының бірі болып табылатын мерзім 2020 жылғы 1 наурыз - 2020 жылғы 30 қыркүйек аралығында өтіп кететін жағдайда, бұл мерзімдер 2020 жылғы 1 наурыздан бастап қоса алғанда 2020 жылғы 30 қыркүйекке дейін тоқтатыла тұрсын.

4. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 10 күн өткен соң күшіне енеді және 2020 жылғы 1 наурыздан бастап туындастын құқықтық қатынастарда қолданылады.

Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің мүшелері:

Армения Республика	Беларусь Республика	Қазақстан Республика	Қыргыз Республика	Ресей Федерациясы
асынан	асынан	касынан	сынан	нан
М. Григорян	И. Петришенко	Ә. Смайылов	Ә. Асрандиев	А. Оверчук